

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

#### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,

А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

#### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

#### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

#### Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

#### Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тілепов

А 13      **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар

/ құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы,

Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.

– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)**

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

## Тұрсынжан Шапай

### ТЫНЫШТЫҚ МЕТАФОРАСЫ «Қаранды түнде тау қалғып»)

Қаранды түнде тау қалғып,  
Үйқыга кетер балбырап.  
Далаңы жым-жырт дел-сал гып,  
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,  
Сілкіне алмас жапырақ.  
Тыныштарсың сен-дағы,  
Сабыр қылсан азырақ.

...Мәңгіліктің өз тынысындаи сарылған алуан сырлы, түн сарынды тыныштық музыкасы келгендей құлаққа. Құніренген көп үн, жұмба күймен өлең әуендетіп түр. Гетеңің «Жолаушының түнгі жырынан» жасаған Лермонтовтың еркін аудармасына 90 композитор музыка жазыпты. Қазақ үшін тоқсанға татитын сазды да Өзі шығарған – Абай.

Кемерсіз кеңістікке ауыр қанаттарын салбырата төніп, ма-мырлай беккен салқар түн сананда ұлы тыныштықтың, қарабар-қын шексіз байырқаның бейнесі болып тіріледі...

Ойшылға дүниенін басқа дыбысынан гөрі, үнсіздіктің тілі түсініктіреқ, тынымның бағасы артығырақ. Тау – үнсіз. Дала – жым-жырт. Жол – сұлық. Жапырақ – қыбырсыз. Сен де сондай бір тынымнан дәмелісің... Табиғат пен адамның талықсыған осы тыныштығы – Мәңгіліктің ұлан дамыл, меніреу үнсіздігінс ұласардай...

Мәңгіліктің түпсіз шынырау, мылқау құрдымына жұты-лардай...

«Лермонтов не только любит слушать звуки, но он умеет слушать и тишину так, как никто другой до него в русской поэзии не умел. Припомним «Горные вершины», и «Выхожу один я на дорогу», – деп жазыпты кезінде белгілі лермонтовтанушы И. Розанов.

Горные вершины  
Сият во тьме ночной,  
Тихие долины  
Полны свежей мглой;  
Не пылит дорога,  
Не дрожат листы...  
Подожди немного  
Отдохнешь и ты.

Шынында, мұндағы тыныштықтың бейнесі – тұтас. Тіпті, дыбыс, есіту мағынасын беретін бір де бір сөз кезікпейді Лермонтовтың тыныштығында жарықшақ жоқ. «Түпнұсқа» Гете-нің «ұнсіздігі» де дәл мұндай қапысыз емес. Г. Бельгер жасаған жолма-жол аудармадан қазакшаласақ, Гетеден «Ағаш басын шалған еміс-еміс лепті сезесін». Ал, Абайда, (алғашқы шумакта) әлі толық орнығып бітпеген тыныштықтың құлаққа естілмес, түйсік қана сезер сарқынды сарыны бар. Үш ақынның да (Гете – Лермонтов – Абай) мәтіндерін салыстыра отырып, осы өлеңге тамаша талдау жасаған Герольд Бельгер Абайдағы «Сілкіне алмас жапырақ» деген жолдың орнына бала күннен өз құлағына сіністі болған «Сыбырламас жапырақ» деген вариантын қолданады. Және бұл екеуінің арасында «принципті айырмашылық жоқ» екенін деескертеді. Біздінше, принципті айырмашылық, дегенмен, бар. Лермонтовта есіту мағынасын беретін сөздер (әдетте еліктеуіш түбірлер және содан туындағын сөздер) жоқ екенін айттық. Абайда да солай. Үп еткен әлсіз самалдың әрең білінер лебі болмаса, Гетеде де тыныштық тініне селкеу түспеген. Мәселен, Лермонтов «не шелестят» демейді – «не дрожат» дейді. Өйткені, шелест – сыйбыр, дыбыстың атаяуы. Атап тұлғадағы қалпында-ақ, «естіліп» тұр. Дрожать (дірілдеу, қалтырау, Абайда: сілкіну) – қымыл-қозғалыс көрінісі. Рас, жеке сөйлем контексінде, айтальық, «сыбырламас» сөзі де – жапыракта дыбыс болмайтын, желсіз, ұнсіз тыныштықты білдіріп тұр. Бірақ, түбір сөздің (сыбыр) өз семантикасында, акустикалық бейнесінде «дыбыс» бар. Негізінен алғанда, Гетеде де – ал Лермонтов пен Абайда тұтасымен – жалпы тыныштық күйі, тыным рухы интонация, ыргақ, әуез

құбылышымен ғана емес, семантикалық аясында шу, дабыра, дыбыс мағынасы жоқ «ұнсіз» сөздермен де берілген. Есіту мағынасын беретін сөздер бейне (тұн, тыныштық) тұтастығына сызат түсіреді. Өлең мәтініндегі сөздер фонетикалық құрамы, семантикалық нақты мағыналары бойынша іріктеліп, тыныштық музыкасынан шашау шықпас бояулармен қанықтырылғандай эсер қалдырады. Сондықтан, «сілкіне алмас» пен «сыбдырламастың» жеке сөйлем контексіндегі мағыналарында айтартықтай алшақтық болмағанмен, дәл осы өлеңде, «Қаранғы тұнде тау қалғыптағы» тыныштық күйінің тұтастығы тұрғысынан келгенде, принципті айырмашылық бар. Сөз тұлғасындағы білінербілінбес, бір қарағанға, ескерусіз мағыналық реңктерді ескеріп, саналы турде қолдану бар. Дәл сондықтан да Гете деңгейде құстар үнсіз (күс сайрамайды емес), Лермонтовта Жапырақ дірілдемейді (не шелестят емес), Абайдағы жапырақ сілкіне алмайды («сыбдырламас» болуы мүмкін емес). «Жолаушының тұнгі жырындағы» осы тыныштықты тырс еткен дыбыс, үн атаулыдан «тазартып», зар күйіне жеткізгендердің бірі – В. Брюсов («В листве, в долинах – ни одной – Не дрогнет черты»).

Лермонтов Гете өлеңінің сөздерін емес, стилін, интонациясын, музыкасын аударған дейді Г. Бельгер. «Қаранғы тұнде тау қалғыптың» Лермонтов мәтініне қатысы да сол дәрежеде. «Стилі, интонациясы, музыкасы» дегенді, бір сөзben, өлеңнің рухы деп ұқсақ, үш ақынға ортақ бұл рух – тұн бояуына қаныққан Тыныштық тынысынан аңғарылады. Бұл рух – үш ақынның да ұстанған ортақ поэтикалық бейнелеу принципінен танылады: тұнгі тыныштық дүниесі «дыбыссыз» бейнелермен берілген.

«Қаранғы тұнде тау қалғыпты» жазғанда, Абай Лермонтов нұсқасын («Из Гете») негізге алғандағықтан, бұдан арғы әңгімемізді екеуінің жоғарыда көлтірілген өлең мәтіндерін салыстыра отырып сабактайық. Лермонтов субъектісінің назары, яғни, өлеңнің көністіктік құрылымы «вертикальды» деуге болады. Абайда, керісінше, «горизонтальды» көру басым. Лермонтовта тау шындарынан («горные вершины») назар бірден етектегі

аңғарларға ауысады. Бәлкім, орыс ақынының көз алдында етегінде қысан шатқал, тар аңғарлары мол ақ ала бас Кавказ таулары тұрған болар. (Кавказ тақырыбына Лермонтов салған суреттерді еске түсірініз). Абайдағы сурет Арқаның аласа қоңыр тауларын, жалпақ жазығын нұскалайды. Қарауытқан аласа таулардан (шындардан емес) көлбей еністеген назарды көсілген күнгірт дала ескерусіз іліп әкетіп, бірте-бірте ұйыған қою ымырттың түнек қойнауына ұластырып жібереді. Алыстағы тау кемерімен шектелген кеңістік бері жылжыған назармен бірге қаусырылып келіп, назар иесі – субъектінің («сен» («мен») өзіне кеп тұйықталады. Лермонтовта бір мезгілдегі күй, жалғыз сәттегі сурет: «Горные вершины – Сият во тьме ночной; Тихие долины – Полны свежей мглой; Не пылит дорога – Не дрожат листы...» Осының бәрі табиғаттың мезгілдік бір нұктедегі көрінісі. Тау шындары ұйықтап жатыр. Сонымен бір мезгілде етектегі алқап, аңғарлар жаңа ғана ұйыған қоңыр салқын қою түн қарандырының бөккен («Полны свежей мглой»), дәл сол минутта жол да шаң шығармай, жапырақ та сілкінбей тынып тұр. Абай нұсқасында мұндай статикалық күй, бір сәттегі тұластық жоқ.

Қаранды түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт дел-сал гып,  
Түн басады салбырап.

Тау қалғып барады, бірте-бірте балбырап ұйқыға кетпек. Етістік-баяндауыштарға назар аударының: қалғып, ұйқыға кетер, түн басады – бәрі де келер шақтағы аяқталмаған, тиянақталмаған қалып-куйді білдіреді. Тауды иықтаған ауыр түн салбырай төніп, даланы да бірте-бірте мендемек. Абайдың түні кеңістікті біртінде толтырып салмақпен жайылады. Осы бейнедегі марғау қозғалыстан тұнғиық түннің меніреу сарыны, тыныштықтың үнсіз уілі, «шаршаган» табиғаттың күрсінген дыбыссыз демі сезілгендей. Өлең ағысында кеңістікке тұтаса қаптап, баяу жайылып дендел келе жатқан байтақ түннің өз

деміндей салмақпен толқындаған самарқау ырғақ бар. Өлең мәтініндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың құрамы да тіршілік пен табиғаттың осындай бір тынымына, тыныштық қүйіне мензегендей.

Абайда біртіндең қоюланған түн бояуымен бірге көк пен жерді айқара, салқар даланы бауырлай жылжыған уақыт қозғалысы сұлық жатқан жолға, қыбырсыз тынған жапыраққа жетіп тоқыраған. Лермонтов өлеңінің басында-ақ тиянақталған уақыт Абайда:

Шаң шығармас жол-дағы  
Сілкіне алмас жапырақ, –

деген жолдарда ғана орнық, тұрақ табады.

Лермонтовтағы табиғат, түн, тыныштық суретіне Абай кеңістіктік, көлемдік, уақыттық-қозғалыстық перспектива қосады. Үнсіз үйледеген мәніреу сарынымен кеңістікті кернеп келе жатқан Тыныштық бірте-бірте байырқа тауып, өзінің ең шырқау нүктесіне – дыбыс, қозғалыс атаулы сап тынған толық тыншу қүйіне жетті. Лермонтовта – кеңістіктік сурет. Уақыт – «жоқ». Дәлірек айтқанда, іркіліп, тоқтап тұрған нақ осы шақ бар. Абайдың – уақыттық-кеңістіктік картина. Бұл картина дағы уақыт диапазоны болжаулы келер шақ (-ар, -ер, ма-с) пен ауыспалы осы шақ аралығында ауытқиды.

Лермонтовтың түні мен тыныштығы – бояуы әбден кепкен полотнодай біржола орнығып, тұрлау тапқан көрініс. Жоғарыда айтқан «ағаш басын шалған еміс-еміс желдің білінер-білінбес лебі» болмаса, түпнұсқада да (Гетеде) солай. Абайдың түні «шаң шығармас жолға» жеткенше бояуы әлі қанығып болмаған, жарық пен түнектің «ұзак дауы» (Дулат) мұқым шешіліп бітпеген күйде. Түн реңі енді-енді толығып, көк пен жердің арасы түпсіз қара мұхит болып міне-міне тұтаспақ. Тиянағына толық жетіп тыншықпаған, тоқтаусыз ағын бейнелі түн. Полотнога көшіруге болмайтын ағын – бейнелі уақыт. Тау қалғығаннан бастап, жол шаң шығармай сұлап, жапырақ сілкіне алмай тынғанша жүретін

үдерісті бояу, қылқалам бере алмайды. Лермонтовта – сурет, Абайда – қозғалыстағы сурет.

Гете мен Лермонтовта – бейнеленген табиғат, тұн көрінісі мен жан-дуниедегі толғаныс күйінің жалғыз сәт, бір мезетке байласқан тұтастығы бар. Өлеңдегі «оқиға» (көрініс, тебіреніс) – жалғыз нұктеде тоқыраган нақ осы шақта беріледі. Бояулардың, күйлердің дамуы, алмасуы жоқ. Алдыңғы алты жол – бір мезетте алынған көрініс, соңғы екі жол да – сол сәтте айтылған сез (ой). Осы қозғалыссыз күйлердің өз ішінде үздіксіз уақыт бар. Бірақ, бұл – жалпы өлеңнің сыртқы «оқиғалық» шенберімен (дәлірек айтқанда, нұктесімен) дөп түскен, тапжылмай бір орында, көп күй, мол сырмен толқып-тебіренген нақ осы шақтың үздіксіздігі. Таудан «Сенге» жылжыған назарға ғана табиғаттағы уақыт ұйыған тұннің бояуы болып іркіліп қалғандай.

Абайдың бояулары қанығып, сарындары алмасып бітпеген тұннінде, толық орнығып ұлгермеген тыныштығында ағысы әлі сарқылып болмаған уақыт бар. Гете мен Лермонтовта кеңістік қиғаш вертикаль бойымен «кусырылып» келіп, «сенге» түйіседі. Абай кеңістігі «сенге» жеткенше көлбеу-горизонталь бағытпен «тарылады». Неміс ақынының вертикалі орыс ақынынан да ғері тіктеу. Гете бұл өлеңді Кихельхан тауының басындағы күжыраның ағаш қабыргасына жазған. Сондықтан да назар шындардың үстінен қарайды: «Над всеми вершинами покой» (Г. Бельгердің жолма-жол аудармасы бойынша). Лермонтов тау шындарының өзінен бастап кетеді («Горные вершины – Спят во тьме ночной»). Абайдағы назар – алыстаған сайын майда толқындарға айналып, жалпақ жазықпен ұласып кеткелі тұрған аласа коңыр тауларға тірелгені күмәнсіз. Алдыңғы екі ақындағы сияқты Абайда да кеңістік ауқымы мен уақыт көлемінің карым-қатынасында өзара сойкестік бар. Гете мен Лермонтовта – вертикаль кеңістікпен «сен» деген нұктеге қадалған дәл осы мезет, дәл қазіргі шақ. Абайда – белгісіз, бейтарап уақыт: қазір-қазір емес, енді болатын, немесе, әйтеуір бір болатын, болуға тиіс, не болмаса, тіпті... күнде болатын нәрсе («оқиға»), Тау қалғып [кетер] – «қалғыды»

емес. Тұн басады – «тұн басты» емес. Шаң шығармас пен сілкіне алмастың да болжалды келер шақтық мағынасы айқын.

Лермонтовтағы уақыт құрылымы екі қабаттан тұрады. Назардағы – «сен»-нен өзге дүниедегі (табиғат, кеңістікте) және «сен»-нің өзіндегі уақыт. Екеуінде де нақ осы шақ «тоқтап тұр». Бірақ осы екі мезеттік «қабатта» жіксіз қабысу, тұтасу әлі жоқ.

Ұйықтап жатқан, тынып жатқан әлем мен «сеннің» тынымы біріне бірі сініп, біржола ұласып кете қоймаған. («Подожди немного»), Абайда, керісінше, сыртқы әлем мен «сен»-нің (немесе, екінші жақтағы «меннің») анық тыншу табар сәтінде бірлік бар. Абай кеңістігінде әлі тиянақ таппаған уақыт қозғалысы сезіледі. Тұн бояуы толық жайылмаған, тыныштық толық орнамаған. Соңдықтан, жол шаң шығармай, жапырақ сілкіне алмай тынғанша, саған да азырақ сабыр қылу керек. Тұн мен тыныштық кемеліне келгенде, сен де тыншығасың. Яғни, Лермонтовтағы біртұтас күйдің қосымша детальдарындей жол мен жапырақ, Абайда – толық тыншығудың алдындағы сілтідей тынған өліара мезет, аралық сот. Дәл осы арадан табиғат күйі адамның аңсарына аусады: ғаламдағы тыныштық пенденің тынымына ұласады. Шартты рай формасындағы «сабыр қылсаңың» болжалды келер шақта тұрған етістіктермен байланысы енді-енді байырқа таппак тұн тыныштығы мен пенденің аңсаулы дамыл сәтінің уақыт тұрғысынан толық сәйкестігіне мензейді.

Сонымен, «Тыншығарсың сен-дағы – Сабыр қылсан азырақ». Ұйқыға батқан байтақ дүниедегі тыныштық әлді, дұгадай ұйытып, тылсымдай тербеген үнсіздіктің аңыраған ауыр, күніренген дыбыссыз сарыны осындей бір жан дамылына шақырса керек-ті. Табиғат пен адам ұлы байырқа, тұнғиық тынымда қайта табысты... Осы арада тоқтайсың... Бұл қай тыным? Күнделікті тәтті ұйқы ма, жоқ, біржола тыншығу ма? Таң атқанша ма, мәңгілік пе?

\* \* \*

Осы өлеңді оқығанда, еске түсіргенде, біз әрдайым өлеңнің өзінде жоқ бір терен мағыналар туралы ойлаймыз. Және ол мағына сөзсіз бар деп білеміз. Жалпы шынайы өнер туындысының жалғыз ғана сырмен шектелмей, алуан түрлі мәніс-мағынамен құбылатыны белгілі. Қөрінген суреттің бояуынан, айтылған сөздің астарынан сарқылмас мағыналар өрістеп жататын құбылыс – ұлы шығармалардың үлесі. Бұл – «Қараңғы түнде тау қалғыптың» да мандайына жазылған тағдыр. Өлеңде бейнеленген табиғат тынымын өзекті пендениң әйтеуір бір өле-тін ақиқатына мензеу деп жорисың. Лермонтовтағы «отдохнешь» пен Абайдағы «тыншығарсыңда» сол бейнелі бір терен трагизм жатқандай. Жан-дуниең санасыз түйсікпен қабылдауға бейім бұл сырды «ғылыми» түрде түсіндіру, белгілі дәрежеде, әурешілік болмақ. Дегенмен, өлең құрылымындағы осы түйсікке түрткі боларлық белгілерді қарастырып көрейік.

Алдыңғы алты жолда ақын түнгі табиғат пен тыныштықтың бейнесін жасайды. Соңғы екі жол назар иесінің өзіне (не белгісіз, бейтарап «сен»-ге – жалпы адамға) қатысты сыр. Жаңағы алты жолдың әрқайсысы поэтикалық тұтас образдың (тұн, тыныштық) шеңберінде тығыз тіркесіп, сатылай жылжыған метафоралық байланыстар тізбегінен тұрады:

Тау қалғиды, балбырайды,  
Үйқыга кетеді;  
Дел-сал даланы салбырап тұн басады;  
жол шаң шығармайды, жапырақ сілкіне алмайды –

бәрі де адамға тән әрекет, қимыл, күй, халді білдіретін метафоралық етістіктер. Ал адамға қарата айтылған соңғы екі жолда мұндай айқын балама бейнелер жоқ – адамды «адамдандыру» кажетсіз. Алдыңғы жолдарда барынша «адамдандырылған» табиғат, мезгіл, кеністік құбылыстары соңғы, түйінді екі жолдагы адамға қатысты күйге табиғи ұласады. Біртұтас тыныштық гармониясында тұта-

сып, өлең мазмұнының терең қабаттарын қамтыған потенциалды мағыналық оппозиция осылай айқындалады: табиғат – адам. Гетелік танымда, адам – табиғатпен тамырлас, текстес құбылыс. Ол да табиғаттың бір объектісі, табиғаттың ең биік жаратындысы. Адам ойы – табиғаттың өзін-өзі тану құралы. Сондықтан «Жолаушының түнгі жырындағы» түнгі табиғатты көруші назарды, ғалам тыныштығын сезінуші түйсікті – табиғаттың өз рухы деп тануға болады. Сол рух өз объектісі – адамға да сондай бір тынымды уәде етеді. Бірақ, барша ғаламдағы барап, байыз, гармония пенденің жан дүниесін әлі толық баурап үлгерген жоқ. Өзін өзі көріп, барлап-бақылаپ, түйсініп тұрган рух үйқыға кеткен адамның санасымен бірге өшпек, тынбак. Адамның табиғат туралы ойы табиғаттағы өзін-өзі танушы рух болып өзіне объект ретінде, екінші жақтағы есімдік арқылы («сен») «тіл қатады». Табиғат пен адам тынымының тұтасар сәтінде осы екі стихияның гармониялық үйлесімін парықтаған сол рух қана ояу. Екі тынымның мезгіл жөнінен сәл сәйкеспеген аралығында сол рух тұр. Табиғаттың мәңгілігімен салыстырғанда – қас- қағым сәттік рух. Өзекті жанға өлшеп қана берген саналы тіршілік.

Гете бойынша, табиғат үшін өткен мен болашақ жоқ, табиғат үшін бәрі – дәл қазіргі мезет, нақ осы шақ. Табиғат үшін сол нақ осы шактың өзі – шекіздік, мәңгілік. Гетеше, адамның табиғат уысынан шығып кетуге ерік-дәрмені жоқ, ол бізді сұраусыз, ес-көртүсіз шалқар иріміне тартып әкетеді де, қашан қалжырап, қарманудан қалғанша сол қайнаған күрдымда шырқ үйріліп айнала бермекіз. Табиғат жақсылық, жамандық дегенді білмейді. Бірақ ол өмірден, жақсылық-жамандықтан қажыған пенденің шаршаулы тәніне – тыным, күйзелген жанына – пана, сая тауып бере алады... «Жолаушының түнгі жыры» жазылған тұстағы ұлы ақынның жалпы көңіл-күйі, алып ойының ансары осы анғарда еді.

Гetenің сегіз жолдық кішкентай шедеврінде «бар табиғат, құллі әлем сыйып тұр» – деп жазады Гете шығармашылығының әйгілі білгірі А. Аникст.

Ал, сол табиғат пен әлемде (гетеше: мәңгілікте) уыздай ұйып, сілтідей тынған ұлан дамыл, түпсіз тынымның астарында, арғы терең қабатында не бар? Біздіңше, адам жанының сол мәңгілікпен мәмілесі бар. Адамдағы сәттік ғұмырдың табиғаттағы шексіздікке әлдебір тежеусіз, күштеусіз, ырықсыз ымырамен ұласуы бар. Жеке (адам) мен жалпының (табиғат) гармониялық тынымда сонғы табысуы бар.

Тыным тілеуші пендениң аңсарын аялаған ғаламдық, мәңгілік Тыныштықтың тұнғиық сазы мен сарыны санаңда үнсіз бебеулеген үздіксіз зарық болып сарнайды.

Өлеңдегі уақыт тынышып, тоқтап тұр. «Тоқтаған» уақыт – өткен шакты да, болашақты да білмейтін табиғаттың нақ осы шағы, күніреніп-қүйзелген болжаусыз, болмыссыз тыныштығы. Яғни, Мәңгілігі. Сен де тынығасың. Сол тыныштыққа, мәңгілікке – табиғатқа сінесің.

Өлең мәтініндегі және бір болжаулы мағыналық полюстер жұбының – мәңгілік – қас-қағым (сәт) қарым-қатынасының поэтикалық өрісі, кернеуі адам мен табиғаттың, сана мен стихияның осы мәмілесіне сарқып, шешім табады. Бұл – шаршап, сарқылған пендениң ғаламдық тынымда өмірмен, болмыспен қайта толығуы, немесе, сол тынымға сініп жоғалуы. Мезі тіршіліктен, өмір құмарынан азат болуы...

Ұйқы. мен өлім ежелден шендерестіріледі. «Илиадада» ұйқы – өлімнің ағайыны аталады. «Ұйықтаған да бір, өлген де бір» деген сөз қазакта да бар. Өткен ғасырдағы европа, орыс романтикерінде түн мен ұйқы сондай символдық мәнге ие. Қай елдің поэзиясында болсын, мұндай поэтикалық тұспал-бейнене қазір әбден үйреншікті (мысалы, «Бір күні кетсем ұйықтап оянбаспыш» Қасым Аманжолов). Лермонтовтағы тұнгі ұйқы, аңсарлы тынымды үнсіз тербеткен тыныштықты да осы бейнетұспал аясында қабылдауға бейілсін. Орыс ақынының дауыл мен дамыл арасында шарқ ұрған лирикалық тұлғасының тіршілік пен ғаламнан әрдайым тыныштық, тыным, толас іздеңен көңіл-күйі Гете өлеңінің рухымен толық үйлеседі.

Лермонтов туындысына («Из Гете») көзқарас әр түрлі. В. Жирмунский, А. Федоров сияқты зерттеушілер оны төлтума шығарма деп таниды – Гете өлеңі тек тұрткі есебіндеге. Енді біреулері (мәселен, Б. Эйхенбаум, В. Брюсов) анық аударма деп санайды. Шындығында, бастапқы және соңғы екі жол болмаса, Лермонтов мәтіні түпнұсқамен дөп түспейді. «Горные вершины»-ды, белгілі дәрежеде, Гете тақырыбына еркін толғаныс деп те қарауга болады. Мұндағы тыным мен ұйқыны әлемдік әдеби және философиялық үрдіс рухында мәңгілік тыншу, өлім деп ұғуға негіз әлдеқайда күштірек. Лермонтовтағы тұн мен тыныштықтын, символдық мәні айқынырақ. Гете де жоқ қосымша нақты деталь – бейнелермен («Не пылит дорога – Не дрожат листы») тіршіліктің трагедиялық сөнуіне, өмір құмарының, ерік пен тілектің біржола өшүіне поэтикалық тұра түспал жасалады. Сөйтіп, неміс ақынының нұсқасындағы пантеистік мұн Лермонтовта жеке адам ғұмырының терең трагизміне дейін өрістейді.

Оз кезегінде, «Қараңғы түнде тау қалғыптың» да Гете, Лермонтов мәтініне тәуелсіз мағыналық рең, сипаттары бар. Бұл, ең алдымен, өлеңдегі уақыт межесіне қатысты айырмаышылтыктардан көрінеді. Гете мен Лермонтовта психологиялық параллелизм – айырым уақытты (разновременный): табиғатта толық тыныштық орнаған, адамның түспалды тынымы – әлі күтулі. Тыныштықтың мендеу симфониясы сәлден соң өз салтанатын күңіренген соңғы аккордпен біржола баянды қылмақ... Ішін тартып тынған қаратунек тұңғылық – сол сәттің аңсарымен, ең акырғы жұбаныштың зарығымен тіршілік пен шудың құлақта қалған көмескі шынылы болып сыңсып тұр. Дәл казір, нақ осы шақта. Абайдың уақытында мұндай айқын меже жоқ. «Қараңғы түнде тау қалғыптың» күрілымдық бөліктерінде – метафоралық жүйеде толық шендестірілген табиғат пен адам күйінде – мағыналық-бейнелік қана емес, уақыт қатынасы жөнінен де тең тұрғылық, тең құқықтық бар. Табиғат пен адам тынымы – бір. «Сабыр қылсан азырақ» – деген меже екеуіне де ортақ: ерте ме, кеш пе,

бүгін бе, ертең бе, жок, жалпы бір болуға тиіс пе – әйтекеүір осы сәт келер («сабыр қылсан азырақ»), табиғаттағы дымы құрып тынған қозғалыс, талмаусырап сөнген дыбыс, салығып шөккен тұнмен бірге сен де шөгесің, сөнесің – тыншығасың. Тау ұйқыға кетер, даланы тұн басады, жол шаң шығармас, жапырақ сілкіне алмас, сен де тыншығарсың... «Сабыр қылсан азырақ» – осы етістіктердің мағынасындағы болжалды уақытқа тиесілі менземе. Оның, жоғарыда айттық, табиғат пен адамға катысы – тең, ортақ.

Тыныштықтың құлакқа естілмес, көңілге ғана айқын көмексі сазы, күніренген күнгірт сарыны Лермонтовта да, Абайда да мол. Сарылған үнсіздіктің үні, болжасыз кеңістіктің тыныс-демі, ауқым-айдыны өлеңдегі дауысты дыбыстардың әуенінен сезілгендей. Орыс ақынындағы «о, ы» мен қазақша мәтіндегі басым «а, ы» тыныштық үні мен кеңістік құрылымының екі өлеңдегі ұқастығын да, айырмашылығын да танытады. Бұл дыбыстар сол үзілмей аныраган шексіз сарын, түнгі кеңістікті құпия аңсармен үнсіз арбаган, тылсымдай терберен тұңғызық әуеннің акустикалық бейнесі. Лермонтовтағы ең мол ұшырасатын дауысты «о – ы» ұйқыдағы әлем, тынымдағы табиғаттың өз сазындей. Сондай-ақ шектеулі кеңістіктің вертикальды құрылымына нұсқағандай. Абайдың жазық дала, мол кеңістік аныраган ашық «а»-мен бейне табады.

Зерттеушілер Лермонтовтың музыкаға өте бейім, өзі жақсы суретші болғанмен, жан дүниесі дыбысқа, сазға бояудан да гөрі сезімтал болғанын айтады. Оған дейін орыс поэзиясында, жалпы, дыбыс, ән, әуен туралы өлең де аз болған. Қазақ поэзиясында да Абайға дейін солай. Абайдың ән-куй әсемдігін, мағына-мәнін толғаған өлеңдерінен лермонтовтық кейбір сарындарды айнытпай танып алуға болады. Мәселең, Лермонтовтың «Звуки»-өлеңі мен Абайдың «Құлактан кіріп бойды аларының» бейнелік-такырыптық сабактастығы дау тудырмайды.

Екі ақынның музыкаға деген ерекше зейін-ықыласы өлеңдерінің тақырып, бейне жүйесінен ғана емес, дыбыстық-әуендей түзілімінен де жақсы байқалады. Әуен үйлесіміне қапысыз

сезір түйсікті, дыбыстық бейненің поэтикалық тұтас мазмұнмен байланыс-бірлігін талданып отырган өлең мәтіндерінен анық көруге болады. Абай Лермонтов туындысының рухын, стиль тұстастығын толық сақтаған.

\* \* \*

Енді, «Қаранғы түнде тау қалғыпты» және бір оқып мән-мағынасын қайта бір парықтап көрейікші. Өлде жұбату, әлде мұн – өлеңде жақын тұрған бір байыз, тынымның бары айтылады. Тура мағынасына шақсақ, кәдімгі толас, құнделікті дамыл сияқты. Оқырман бұл сәтті – мәңгілік тыным, дем үзілер, дәм таусылар сағатқа балайтын мағына өлең мәтінінен тікелей көрінбейді. Абайда – әсіресе. Өлең суретінде – түн тұнғиғында дамылдап жатқан тіршілік бар. Ұйқыга кетердегі тау тіршілікпен балбырайды. Қарауыта көлбекен жым-жырт дала да дел-сал тіршілік бар. Шаны шықпай анырган шаршаулы жолда, тәмам тыным, орасан дамылдың мастиғы буынына түсіп қалжыраған ағаштардың қыбырсызы тынған жапырағында тынысын теренге жіберіп тіршілік үнсіз ұйып тұр. Таудың ұйқылы сарыны, тыныштықтың түйсігінде күніренген тылсым музыкасы... Бәрі тіршілікпен тыныстайды. Тұнгі ғаламның сармарқа, құпия ырғақтары дамылдағы жүректің соғысындей баяу ғана, тіршілікпен толқындейды... Осы «тіршіліктің» борін тікелей әкеп «өлімге» киліктіру, композиция логикасына, жалпы бейнелік-мағыналық тұтас құрылымға қайшы болар еді. Өлеңнің тура мағынасы, композиция, бейне кисыны жанды табиғаттағы («адамдандырылған») дамыл мен тірі адамның тынымын берілген контексте теңдікте (адекватты) қарауға мензейді. Бұл – уақыт пен кеңістікте, яғни барлықтағы, болмыстағы тыным. Тірі тыныштық. Мәңгі жоқтықтың қап-қара құрдым тунегі емес. Өлеңде ғарыш әлемі көрсетілмесе де, осы тұнді, ең алдымен, тіршіліктің, жарық дүниенің жұлдызды түні деп қабылдайсың. Өлінің тыныштығы емес, осы баракат, тыным – қажыған пен-десіне Тәнірінің қылған рақымы деп білесін.

Өлеңнің «ұстіңгі» қабатындағы астарлы байланыс, психологиялық параллелизм ой-сезім, аңсар-зауқынды алдымен осы аңғарға бұрады. Салбырап түн басқан табиғаттың тыншу күй шалдыққан, шарасыз жұмыр бастының әйтеуір бір тынымнан дәметкен түйінді сырына ишара болып өріледі. Дүниенің күндізгі жарығынан, қым-куыт шуы, қарбалас-әбігерінен, қуаныштан, ыздан, құлқіден, қайғыдан қажыған пендениң үздігіп жеткен дамыл сәті күннің аптабы, желдің аңызағынан кеберсіп көні қатқан, шаңытып шаршаған даланың тунгі қоңыр-салқын тыныштықта тыныс тауып, жым-жырт, дел-сал болып созыла солықтап жатқан қалпымен астастырылады. Дегенмен, осы өлең мазмұнын, табиғат – адам мағыналық оппозициясының шешімін, неге мәңгілік пен мезет, өмір мен өлім мәселелерінің аясынан іздеуге бейімбіз? Және бұған Абай мәтіні көбірек негіз беретіні қалай?

Жоғарыда түн, ұйқы, тыныштық сөздерінің әлемдік әдеби және философиялық дәстүрдегі символдық мән-мағынасы туралы айттық. Өлеңнің ішкі композициялық құрылымында теңдестірілген табиғат пен адам тынымы өзінің онтологиялық мағынасында тең емес. Табиғаттың мәңгілігінің жанында адам өмірі – қас-қағым ғана. Мәңгілікпен шендейстірілген қас-қағым – жоққа тән. Осының бәрі өлең интонациясымен, дыбыстық бейне, әуендермен тұтасып, поэтикалық суггестия (көркемдік әр түрлі тәсілдермен мәтіннен тыс астырын мағыналарды сездіру, мензеу) тудырган. Абайда бұл «тынышғарсың» етістігімен тіпті күшіе түскен. «Отдохнешь»-ка нақ балама – демаласың, тынышғарсың, дамылдайсың. «Тынышғарсыңың» экспрессиясы күштірек, ауыспалы мағынаға (кең түрғыда – метафораға) көшерлік мүмкіндігі де молырақ. Қазақ өкірманы үшін бұл сөздің семантикалық рені метафоралық қолданыстағы өзге синонимдерінен гөрі, мәңгілік тыным (өлім, жоқтық) мағынасын айқынырақ беруге тиіс.

Табиғат пен адамды тұтастырып жатқан метафоралық көпірлер өлең мазмұнының «астыңғы» шынырау қабатында пенде

ғұмырының өтпелілігін, ақиқат өлімді, жаратылыс-болмыстың соңғы даналығын мойындаған орасан метафоралық тұспалға ұласады. Бұл – «Дүние өтер-кетер баяны жоқ» деген бейтарап, үйреншікті шындық та емес, «Дүние, мен қайтейін жалғаныңды» дейтін таптаурын өкініш те емес – өткінші ғұмырдың Мәңгілік-пен осы мәмілесіне парасатты пендениң ойшыл мұн, философиялық сабырмен жүргінуі.

Сонымен, «Тыншығарсын»... – дейді Абай. Егізқабат, қосастар арнада сабырмен толқып, толқындары алмасып, ағысқа ағыс жалғай, теренге теренеңін төсей қозгалған мағыналық ағындар осы «тыншығарсында» тоғысып, тұнғиығы шымырлаған түпсіз телегейге айналады.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан – «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі», – дейді Абай. Яғни, тән («менікі») шіриді, жоғалады, жан, рух («мен») – мәңгі. Абайлық осы таным анғарынан келсек, адам мен табиғаттың мезгіл мен кеңістік шындығында талығып жеткен осы тынымы – тіршілік, болмыс қамытынан, тән құрсауынан құтылған азат рух, өлмес жанның мәңгілігіне – түпкі Ақиқатқа ұласпақ.

«Өлім барда қорлық жоқ», – дейді Абай.

«Қаранғы тұнде тау қалғыптағы» тынымнан дәмелі пәнилік – әлдебір жақсылықтан да үміткер сияқты...

Әйтеуір осы тынымда бір құтқарғыш күш бардай...

Тұн қойнында бебеулеген тұмса күй, тынық зар – қажыған пендесіне Тәңірі қылған ракымның хабаршысындаі...

## ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық гылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Корабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөзстан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақек. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайтып шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шеріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық гылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Фылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тынныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтере І. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

## МАЗМҰНЫ

Койгелдиев М. <b>Абай тұлғасы мен мұрасының</b> казақ тарихындағы орны .....	3
Медетбеков Т. <b>Менің Абайым!</b> .....	12
Жүртбай Т. <b>Қаракөк</b> .....	26
Негимов С. « <b>Қайғы шығар ілімнен...</b> » .....	68
Шеріп А. <b>Абайдың «жазуы» мен айтуы:</b> жаңа ментальдік жолында .....	76
Жеменей И. <b>Абай және әл-Фараби</b> .....	84
Ісімақова А. <b>Абай мұрасы – бүтінгі</b> рухани қажеттілік .....	91
Қамзин К. « <b>Семипалатинские областные</b> <b>ведомости</b> » газеті Абай айналасы туралы .....	106
Тайшыбай З. <b>Ескендір әңгімесі</b> .....	124
Айтқазин Т. <b>Абай философиясындағы</b> адам туралы .....	145
Ысқақұлы Д. <b>Аудармадагы Абай дәстүрі</b> .....	158
Қоңыратбаев Т. <b>Абай Құнаанбайұлы</b> .....	198
Борбасов С. <b>Абай тағылымы</b> .....	203
Шапай Т. <b>Тыныштық метафорасы</b> .....	219
Кемелбаева А. <b>Гете мен Абай</b> .....	234
Ахметбекова А. <b>Йасауи мен Абайдың</b> поэтикалық дәстүрі .....	251
Палтөре Ы. <b>Абай шығармаларындағы</b> <b>Алланың көркем есімдерінің кейіріне</b> лексика-семантикалық талдау .....	258
Сейитова А. <b>Абай мен Сағди поэзиясындағы</b> ұқсас ой-сауындары .....	270
Рахимов К. <b>Абайдың даниалық философия</b> тылымы деңгейіндегі көрінісі .....	284
Раев К. <b>Абай шығармашылығындағы</b> рухани құндылықтардың мәні .....	298
<b>Түсініктеп</b> .....	304

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VII том  
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдиқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№9141**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №4356.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.